ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Электрлік емес бастамалау жүйелері
Баяу бастамалайтын құрылғылар
Техникалық шарттар

Неэлектрические системы инициирования
УСТРОЙСТВА ИНИЦИИРУЮЩИЕ С ЗАМЕДЛЕНИЕМ
Технические условия

ҚР СТ 2544- 2014

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Электрлік емес бастамалау жүйелері

Баяу бастамалайтын құрылғылар

Техникалық шарттар

ҚР СТ 2544- 2014

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму жөніндегім министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан метрология институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және «Технократ Плюс» ЖШС негізінде «Машина жасау, металлургия, құрылыс өнімдері мен қызметтерін сертификаттау» № 53 стандарттау бойынша техникалық комитеті **ДАЙЫНДАП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму жөніндегім министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2014 жылғы 20 қарашадағы № 240-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандартта «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы № 604 Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы № 277 қаулысымен бекітілген «Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оны дұрыс салуға қойылатын талаптар» техникалық регламентінің, Кеден Одағы Комиссиясының 2012 жылғы 20 маусымдағы № 57 шешімімен бекітілген «Жарылғыш заттар мен оның негізіндегі бұйымдар қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қарашадағы № 1302 қаулысымен бекітілген «Жарылғыш заттарды сатып алу, сақтау, есепке алу, тасымалдау, әкелу және әкету ережелерінің нормалары іске асырылған.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2021 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарттың өзгертулері туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» жыл сайын басылатын ақпараттық көрсеткішінде, ал өзгертулер мәтіні - «Мемлекеттік стандарттар» ай сайын басылатын ақпараттық көрсеткішінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ай сайын басылатын ақпараттық көрсеткішінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму жөніндегім министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Жіктеу	2
4 Техникалық талаптар	4
4.1 Жалпы техникалық талаптар	4
4.2 Негізгі көрсеткіштер мен сипаттамалар	4
4.3 Материалдарға қойылатын талаптар	9
4.4 Жиынтықтылық	9
4.5 Таңбалау	9
4.6 Орау	10
5 Қауіпсіздік талаптары	10
6 Қабылдау ережесі	11
7 сынау әдістері	15
8 Тасымалдау және сақтау	18
9 Қолдану бойынша нұсқаулық	19
10 Дайындаушы кепілдігі	22
Библиография	23

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Электрлік емес бастамалау жүйелері БАЯУ БАСТАМАЛАЙТЫН ҚҰРЫЛҒЫЛАР Техникалық шарттар

Енгізілген күні 2016-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт жер бетінде, жерасты қазба забойларында (газ бен тозаң болу бойынша қауіпті емес рудниктер мен шахталарда) жарылыс жұмыстарына, сондай-ақ 0 мс-тен 10000 мс-ке дейін баяулаудың уақыт аралықтары ауқымында бәрден және баяу жару схемаларын құруға мүмкіндік беретін сульфидті кендерді жару кезінде қолданылатын бастаудың электр емес жару құрылғыларына (бұдан әрі – құрылғылар) таратылады.

Бастаудың электр емес жүйелеріне қойылатын талаптар [1] берілген талаптарға сәйкеседі.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтеме нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 2.4-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеу құралдарын салыстырып тексеру. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі.

ҚР СТ 2.12-2006 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Қазақстан Республикасының калибрлеу жүйесі. Өлшеу құралдарын калибрлеу. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеу құралдарының түрлеріне сынау мен бекіту жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.30-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеу құралдарына метрологиялық аттестаттау жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.75-2009 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақ жабдығын аттестаттау тәртібі.

ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026-2002 Дабыл түстері, қауіпсіздік белгілері және дабыл белгілеулері. Жалпы техникалық шарттар мен қолданылу тәртібі.

ГОСТ 2.601-2006 Бірыңғай құрастырымдық құжаттамалар жүйесі. Пайдалану құжаттары.

ГОСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.3.020-80 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Кәсіпорында жүктерді тасымалдау процестері. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары.

ГОСТ 166-89 Штангенциркульдер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 3778-98 Қорғасын. Техникалық шарттар.

ГОСТ 6254-85 Жарылғыш жұмыстарына арналған капсюль-тұтатқыштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7502-98 Өлшеуіш металл рулеткалар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 9089-75 Сәттік әсер ететін электр от алдырғыштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 10354-82 Полиэтилен үлдір. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14192-96 Жүктерді таңбалау.

ГОСТ 14839.20-77 Өнеркәсіптік жарылғыш заттар. Орау, таңбалау, тасымалдау және сақтау.

ГОСТ 18677-73 Пломбылар. Құрастырым және өлшемдер.

ГОСТ 19433.1-2010 Қауіпті жүктер. Жіктеу.

ГОСТ 19433.3-2010 Қауіпті жүктер. Таңбалау.

ГОСТ 19747-74 Контейнерлерде жарылғыш материалдарды тасымалдау. Жалпы талаптар.

ГОСТ 20477-86 Желімді қабатты полиэтилен таспа. Техникалық шарттар.

ГОСТ 21984-76 Өнеркәсіптік жарылғыш заттектер. Аммонит № 6 ЖВ және суға төзімді аммонал. Техникалық шарттар.

ГОСТ 26184-84 Өнеркәсіптік жарылғыш заттар. Терминдер мен анықтамалар.

Ескертпе Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттардың және жіктегіштердің қолданысын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» жыл сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтеме және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алуға тиіс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Жіктеу

3.1 Құрылғының арналуына қарай мына түрде дайындалуы керек:

- П – басталатын импульсті беру мен таратуға, сондай-ақ жер бетінде, жерасты кеніштерінде және газ бен тозаң бойынша қауіпті емес кеңшарларда жару жұмыстары кезінде П, С, ПС және Ш түрдегі құрылғылардың іске қосылуын баяулатуға арналған беттік;
- С – жер бетінде, жерасты кеніштерінде және газ бен тозаң бойынша қауіпті емес кеңшарларда жару жұмыстары кезінде ұңғымалық заряд бастарының іске қосылуын баяулатуға арналған ұңғымалық;
- ПС – жер бетінде, жерасты кеніштерінде және газ бен тозаң бойынша қауіпті емес кеңшарларда жару жұмыстары кезінде ПС түрдегі ұңғымалық заряд бастару мен құрылғыларының іске қосылуын баяулататын, іске қосу импульстерін беру мен таратуға арналған беттік-ұңғымалық;
- Ш –жерасты кеніштерінде және газ бен тозаң бойынша қауіпті емес кеңшарларда, сондай-ақ жер бетінде жару жұмыстары кезінде шпунды бастар мен ұңғымалық зарядтардың іске қосылуын баяулатуға арналған шпурлық;
- Старт – жер бетінде, жерасты кеніштерінде және газ бен тозаң бойынша қауіпті емес кеңшарларда жару жұмыстары кезінде іске қосатын құрылғылардан немесе оталдыру бауларынан жару желілерін іске қосуға арналған старттық.

Олардың арналуы мен құрастырылымдарының осы бөлім талаптарына сәйкестігі жағдайда құрылғылар түрлерінің басқа белгілеулерін қолдану рұқсат етіледі.

3.2 П, С, ПС және Старт түрдегі құрылғыларды қолдану шарттары бойынша КО ТР 028/2012, 1-қосымшасына сәйкес 1 (С.1) топты Ш түрдегі құрылғылардың жарылғыш заттар (ВВ) класына - 2 (С.2) тобына ВВ арнайы класына жатады.

3.3 Құрылғылар құрастырымдары 1-4-суреттерінде келтірілгендерге сәйкесуі керек.

ЕСКЕРТПЕ 1 Құрастыру элементтері – құрылғының түрлі түрдегі құрастырымдағы бекіткіштерін қолданған жағдайда 1 және 2-суреттерде келтірілгеннен ерекшелене алады.

ЕСКЕРТПЕ 2 Орам диаметрі мен нысаны 1-4-суреттерде келтірілгеннен ерекшелене алады.

3.4 Құрылғыларды шартты белгілеу мысалдары:


- 25 мс баяулатудың атаулы уақытымен П, С немесе Ш түрдері:

П (С, Ш, Старт) түрдегі құрылғылар – 25-15

- 500 мс ұңғыма ішілік атаулы баяулатумен 17 мс баяулатудың атаулы беттік уақытымен ПС түрдегі:


ПС түрдегі құрылғы - 17/500-10

3.5 Осы стандартқа қайшы келмейтін талаптардан тұрмайтын дайындаушы кәсіпорынның нормативтік-техникалық құжаттамасы бойынша құрылғылардың басқа шартты белгілеулерін қолдану рұқсат етіледі.




1 – құрастыру элементі - бекіткіш; 2 – баяулатумен капсюль-от алдырғыш (беттік); 3 – ылғал төзімді затбелгі; 4 - бандероль; 5 – толқындық жеткізуші.

1-суреті – От алдыру құрылғыларынан жарылғыш желілерді іске қосуға арналған П және Старт түрдегі құрылғылар




1 – баяулатумен капсюль-от алдырғыш (ұңғыма ішілік); 2 – қосатын төлке; 3 – толқын жеткізгіш; 4 - бандероль; 5 – ылғалға төзімді затбелгі, 6 – баяулатумен капсюль-от алдырғыш (беттік); 7 – құрастыру элементі - бекіткіш.

2-сурет – ПС түрдегі құрылғы



1 – баяулатумен капсюль-от алдырғыш (ұңғыма ішілік); 2 – қосатын төлке; 3 – толқын жеткізгіш; 4 - бандероль; 5 – ылғалға төзімді затбелгі.

3-сурет – С және Ш түрдегі құрылғы



1 – баяулатумен капсюль-от алдырғыш (ұңғыма ішілік); 2 – қосатын төлке; 3 – толқын жеткізгіш; 4 - бандероль; 5 – ылғалға төзімді затбелгі; 6 - қосқыш.

4-сурет – Іске қосу сымдарынан жасалған жарылғыш желілерді іске қосуға арналған Старт түрдегі құрылғы

4 Техникалық талаптар

4.1 Жалпы техникалық талаптар

4.1.1 Құрылғылар осы стандарт, белгіленген тәртіпте бекітілген құрастырымдық және технологиялық құжаттама талаптарына сәйкесуі керек.

4.1.2 Құрылғыларды дайындаудың қабылданған технологиясының барлық ережелері барлық технологиялық және бақылау операцияларын орындау мазмұны мен тәртібін регламенттейтін техникалық құжаттамада көрсетілуі керек.

4.2 Негізгі көрсеткіштер мен сипаттамалар

4.2.1 Құрастырымдық талаптар

4.2.1.1 Капсюль-от алдырғыштардың өлшемдері мен олардың шекті ауытқулары белгіленген тәртіпте бекітілген техникалық құжаттамада көрсетілгенге сәйкесуі керек.

4.2.1.2 Капсюль-от алдырғыш гильзасында 13-белгілік 2D кодтарды оқуды қамтамасыз ететін лазерлік таңбалауға ие болуы керек. Капсюль от алдырғышта 13 белгілік код туралы ақпараттан тұратын 2D кодты ылғалға төзімді затбелгіге көшіру рұқсат етіледі.

4.2.1.3 Құрылғының толқын жеткізушілер өлшемдері мен олардың шектік ауытқулары белгіленген тәртіпте бекітілген техникалық құжаттамаға сәйкесуі керек.

4.2.1.4 Құрылғы сыртқы түрі бойынша белгіленген тәртіпте бекітілген бақылау үлгілеріне сәйкесуі және таттану, сызаттану, майсу, бақалшақ-ойықтарға, каспюль от алдырғыштың аздап қысылуына, толқын жеткізгіштер қабығында жарылулардың болмауы керек. Капсюль-от алдырғыш гильзасында кедір-бұдырлықтар, сызылу, елеулі сызаттар, бүтіндігін бұзбайтындай толқын жеткізуші қабығында елеусіз ойықтар, жырылулар, сызаттар, кедір-бұдырлықтар мен ұсақ бөгде қосылыстардың болуы рұқсат етіледі.

Құрылғының толқын жеткізушісі сақина немесе 8 пішінінде орамға оралуы, толқын жеткізуші шеті – қымталған болуы керек. Толқын жеткізушілер түсі регламенттелмейді. Қысып орамның сыртқы нобайы бойынша толқын жеткізушіні орамға орау рұқсат етіледі.

4.2.1.5 П және ПС түрдегі құрастыру элементі құрылғыны бекіткіш капсюль – оталдырғыштың 13 мәнді және 2D кодтарын оқуды қамтамасыз етуге терезесі болуы керек.

4.2.2 Арналуына талаптар

4.2.2.1 Толқын жеткізушінің (4 ± 0,5) м ұзындығы мен 10 °С - 35 °С температурасы жағдайында құрылғыны баяулату уақыты 1-кестеде келтірілгенге сәйкесуі керек.

1-кесте

Баяулатудың атаулы уақыты (t_n), мс	Баяулау уақытының орташа квадрат ауытқуы (σ), мс	Баяулау уақыты бойынша құрылғы сапасын сипаттайтын z_1 және z_2 коэффициенттер мәні
0	-	-
9	0,45	1,1
10	0,50	1,1
11	0,55	1,1
15	0,75	1,1
17	0,85	1,1
20	1,00	1,1
25	1,25	1,1
30	1,50	1,1
33	1,65	1,1
42	2,10	1,1
50	2,50	1,1
67	3,35	1,1
75	3,75	1,1
100	5,00	1,1
109	5,45	1,1
125	6,25	1,1
150	7,50	1,1
175	8,75	1,1
176	8,80	1,1
200	10,00	1,1
225	11,25	1,1
250	12,50	1,1
275	13,75	1,1
300	15,00	1,1
325	16,25	1,1
350	17,50	1,1
375	18,75	1,1
400	20,00	1,1
425	21,25	1,1
450	22,50	1,1
475	23,75	1,1
500	25,00	1,1
550	55,00	1,1
600	60,00	1,1
650	65,00	1,1
700	70,00	1,1
750	75,00	1,1
800	80,00	1,1
900	90,00	1,1
1000	100,00	1,1
1200	120,00	1,1
1250	125,00	1,1
1400	140,00	1,1
1500	150,00	1,1
1600	160,00	1,1
1750	175,00	1,1
1800	180,00	1,1
2000	200,00	1,1
2200	220,00	1,1
2250	225,00	1,1
2400	240,00	1,1
2500	250,00	1,1
2600	260,00	1,1

1-кесте *(жалғасы)*

Баяулатудың атаулы уақыты (t_n), мс	Баяулау уақытының орташа квадрат ауытқуы (σ), мс	Баяулау уақыты бойынша құрылғы сапасын сипаттайтын z_1 және z_2 коэффициенттер мәні
2800	280,00	1,1
3000	300,00	1,1
3500	350,00	1,1
4000	400,00	1,1
4500	450,00	1,1
5000	500,00	1,1
5500	550,00	1,1
6000	600,00	1,1
6500	650,00	1,1
7000	700,00	1,1
7500	750,00	1,1
8000	800,00	1,1
8500	850,00	1,1
9000	900,00	1,1
9500	950,00	1,1
10000	1000,00	1,1
ЕСКЕРТПЕ Тұтынушымен келісім бойынша баяулардың атаулы уақытының және баяулау уақытының орташа квадрат ауытқуының басқа мәндерімен құрылғыларды дайындау рұқсат етіледі.		

4.2.2.2 Құрылғыларды өндіру кезінде баяулату уақыты мына түрдегі құрылғылар үшін мынаны құрауы керек:

- П және ПС (беттік капсюль-от алдырғышпен П беті) - 0, 9, 11, 17, 25, 33, 42, 50, 67, 75, 100, 109, 150, 200 мс;

- С және ПС (ұңғыма ішілік капсюль-оталдырғышпен С беті) – 0, 25, 50, 75, 100, 125, 150, 175, 200, 225, 250, 275, 300, 325, 350, 375, 400, 425, 450, 475, 500, 550, 600, 650, 700, 750 мс;

- Ш - 0, 25, 50, 75, 100, 125, 150, 175, 200, 250, 300, 350, 400, 450, 500, 600, 700, 800, 900, 1000, 1200, 1400, 1600, 1800, 2000, 2200, 2400, 2500, 2600, 2800, 3000, 3500, 4000, 4500, 5000, 5500, 6000, 6500, 7000, 7500, 8000, 8500, 9000, 9500, 10000 мс.

ПС түрдегі құрылғыларды дайындау кезінде келтірілген қатарлардан баяулату уатының кез келген мәндерімен С және П бетті капсюль-от алдырғыштарды жиынтықтау мүмкіндігі қарастырылуы керек.

4.2.2.3 Құрылғылар жарылуды қамтамасыз ететін бастаушы импульсті елейтін болуы керек:

П түрдегі құрылғылар үшін:

- ұшқын разрядты (іске қосылу) құрылғыларын қолдану бойынша нұсқаулықтарға сәйкес қосқан жағдайда тұрақты қолдануға рұқсат етілген ұшқын разрядты (іске қосылатын) құрылғылар;

- оларды құрастырылатын элемент-бекіткіш көмегімен қосқан жағдайда П түрдегі басқа құрылғылар баяулатылатын капсюль-от алдырғыштан;

- қосқыш көмегімен біріктірген жағдайда ДШ-А, ДШ-В немесе ДШЭ-12 от алу бауынан;

- ГОСТ 9089 бойынша электр тұтатқыштан немесе сым немесе оқшаулау таспасының көмегімен қапсырып қосқан жағдайда ГОСТ 6254 бойынша капсюль-от алдырғыштан;

ПС түрдегі құрылғылар үшін:

- ұшқын разрядты (іске қосылу) құрылғыларын қолдану бойынша нұсқаулықтарға сәйкес қосқан жағдайда тұрақты қолдануға рұқсат етілген ұшқын разрядты (іске қосылатын) құрылғылар;

- оларды құрастырылатын элемент-бекіткіш көмегімен қосқан жағдайда ПС түрдегі басқа құрылғыларды (беткі капсюль-от алдырғышпен П жағы) немесе П түрдегі басқа құрылғылар баяулатылатын капсюль-от алдырғыштан;

- қосқыш көмегімен біріктірген жағдайда ДШ-А, ДШ-В от алу бауынан;

- ДШ-А немесе ДШ-В от алдыру бауынан, ГОСТ 9089 бойынша электр тұтатқыштан немесе сым немесе оқшаулау таспасының көмегімен қапсырып қосқан жағдайда ГОСТ 6254 бойынша капсюль-от алдырғыштан (бастау көзінде процесті бағыттау құрылғыда процесті бағыттаумен сәйкес келуі керек).

С түрдегі құрылғы үшін:

- құрастырылатын элемент-бекіткіш көмегімен оларды қосқан жағдайда П түрдегі құрылғыларда баяулаумен капсюль-от алдырғыштан;

- қосқыш көмегімен біріктірлег жағдайда ДШ-А немесе ДШ-В от алатын баудан;

- ДШ-А, ДШ-В немесе ДШЭ-12 от алдыру бауынан, ГОСТ 9089 бойынша электр тұтатқыштан немесе сым немесе оқшаулау таспасының көмегімен қапсырып қосқан жағдайда ГОСТ 6254 бойынша капсюль-от алдырғыштан (бастау көзінде процесті бағыттау құрылғыда процесті бағыттаумен сәйкес келуі керек).

Ш түрдегі құрылғылар үшін:

- құрастырылатын элемент-бекіткіш көмегімен оларды қосқан жағдайда П түрдегі құрылғыларда баяулаумен капсюль-от алдырғыштан;

- қосқыш көмегімен біріктірілген жағдайда ДШ-В оталатын баудан немесе белгіленген тәртіпте уәкілетті органмен қолданылуға рұқсат етілген басқа от алатын сымдардан;

- сым немесе оқшаулау таспасының көмегімен байламға жинақталған 20-дан артық емес санда толқын жеткізгіштер байлауымен ілмектеп қосқан жағдайда (арнайы ілмек – бір толық айналдыру және екі жартылай айналым) ДШ-А, ДШ-В немесе ДШЭ-12 от алатын баудан;

- ДШ-А, ДШ-В немесе ДШЭ-12 от алатын баудан немесе құрастырымы бойынша оларға ұқсас және сым және оқшаулау таспасының көмегімен толқын жеткізгішпен қапсыра біріктірілген бастау көздерінің қасиетіне қарай (бастау көзінде процесті бағыттау құрылғыда процесті бағыттаумен сәйкес келуі керек).

Старт түрдегі құрылғылар үшін:

- ұшқын разрядты (іске қосу) құрылғыларын қолдану бойынша нұсқаулыққа сәйкес қосқан жағдайда тұрақты қолдануға іске қосылған ұшқын разрядты (іске қосылатын) құрылғылардан;

- ДШЭ-12 от алдыру бауынан, ГОСТ 9089 бойынша электр тұтатқыштан немесе сым немесе оқшаулау таспасының көмегімен қапсырып қосқан жағдайда ГОСТ 6254 бойынша капсюль-от алдырғыштан (бастау көзінде процесті бағыттау құрылғыда процесті бағыттаумен сәйкес келуі керек).

4.2.2.4 Бастау орнынан оны баяулатумен капсюль-от алдырғышпен қосылу орнына дейін бастайтын құрылғының толқын жеткізгіш кесіндісінің ұзындығы кемі 600 мм, ал бастау орнынан бос шетіне дейін – кемі 80 мм болуы керек.

4.2.2.5 Бастайтын қасиет мына түрдегі құрылғылар үшін жаруды қамтамасыз етуі керек:

П, ПС (беткі капсюль-от алдырғышмен П жағы) ЖӘНЕ Старт (бастайтын құрылғылардан жарылғыш желілердің басталуына арналған) – 6 толқын жеткізгішке дейін;

Старт (от алдыратын баудан жарылғыш желілерден бастауға арналған) от алдыру баулары;

ПС (ұңғыма ішілік капсюль-от алдырғышпен С жағы) және С – оталдыру баулары, ТГФ – 850 Э, Т – 400 Г* шашкалары, ГОСТ 21984 бойынша № 6 ЖВ аммонит патрондары** және құрастырымы мен оталдыру импульсін қабылдайтын патрондар, шашкалар мен зарядтар немесе баяулатумен капсюль-от алдырғыштың диаметрінен асатын тесілетін саңылаудың диаметрі жағдайда (5,0 ± 0,1) мм қалыңдықты ГОСТ 3778 бойынша қорғасын тілімшені тесу;

Ш – ГОСТ 21984 бойынша № 6 ЖВ аммонит патрондарының от алдырғыштары мен құрастырымы мен от алдыру импульсін қабылдауы бойынша балама патрондар немесе баяулатумен капсюль-от алдырғыш диаметрінен асатын тесілетін саңылау диаметрі жағдайында (5,0 ± 0,1) мм қалыңдықты ГОСТ 3778 бойынша қорғасын тілімшені тесу.

4.2.2.6 Құрылғы толқын жеткізгіштерінің іске қосылуы онымен байланыста болатын басқа толқын жеткізушілердің, сондай-ақ олармен қосылған бастау көздері - ДШ-А, ДШ-В немесе ДШЭ-12 от алдыратын баулардың, ГОСТ 9089 бойынша электр от алдырушының, ГОСТ 6254 бойынша капсюль-от алдырушының, П түрдегі баяулатумен капсюль-от алдырушының іске қосылуына әкелмеуі керек.

4.2.3 Сыртқы әсер етулерге тұрақтылыққа қойылатын талаптар

4.2.3.1 Құрылғылар жұмыс қабілеттігін сақтауы керек:

а) екі қабатты және үш қабатты толқын жеткізушілермен құрылғылар үшін 0,4 МПа артық емес және бір қабатты толқын жеткізушілермен құрылғылар үшін 0,01 МПа артық емес қысым жағдайында 730 сағат бойына суда ұстағаннан кейін;

б) екі қабатты және үш қабатты толқын жеткізушілермен құрылғылар үшін 0,4 МПа артық емес және бір қабатты толқын жеткізушілермен құрылғылар үшін 0,01 МПа артық емес қысым жағдайында 480 сағат бойына дизель отынында ұстағаннан кейін;

в) қосылу бүтіндігін бұзбай баяулатумен капсюль-от алдырғышпен толқын жеткізгішті қосуға салынатын кемі 8 кг статикалық керу жүктемесінің әсер етуі жағдайында;

г) оның бүтіндігін сақтаумен толқын жеткізушіге қосылатын екі қабатты және үш қабатты толқын жеткізуші үшін кемі 30 кг және бір қабатты толқын жеткізуші үшін кемі 8 кг статикалық керу жүктемесінің әсер етуі жағдайында;

д) (20 ± 5) °С температурасы жағдайында 100 % үзілгенге дейін бір-, екі – немесе үш қабатты толқын жеткізушінің және минус (30 ± 5) °С температурасы жағдайында 20 % кемі бір қабатты толқын жеткізушінің салыстырмалы ұзаруы жағдайында;

е) екі еселік майыстыруда:

- диаметрі 5 мм өзекте бір қабатты толқын жеткізуші;
- диаметрі 10 мм өзекте екі- және үш қабатты толқын жеткізуші;

4.2.3.2 Құрылғы сілткуге орнықты болуы керек. Сілкумен сынау кезінде бір құрылғыда іске қосылу немесе құрастырымының бұзылуы рұқсат етілмейді.

4.2.3.3 Құрылғы мына жағдайларда тұтанбауы және жарылмауы керек:

- 1 минут бойына 1 кВ дейінгі айнымалы немеес тұрақты токты кернеуді және баяулатумен капсюль-от алдырғышқа және толқын жеткізушіге 30 кВ дейінгі статикалық электрдің электр әлеуетін салған жағдайда;
- 500 Дж дейінгі энергиямен болат соққыштың 30° бұрышы астында сырғыта соғуы жағдайында

4.2.3.4 С және ПС түрдегі құрылғылар (ішкі ұңғымалық капсюль-от алдырғышпен С жағы) 1 сағат бойына (120 ± 5) °С температурасы әсер еткен кезде өздігінен іске қосылмауы керек.

* Т - 400 Г түрдегі шашкамен құрылғыларды 11-суретте берілген схема бойынша қосқан жағдайда.

** Осы терминге анықтама ГОСТ 26184 белгіленген.

4.3 Материалдарға қойылатын талаптар

4.3.1 Құрылғыларды дайындау үшін қолданылатын материалдар олардың техникалық регламенттер мен қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарға ие болуы керек.

4.4 Жиынтықтылық

4.4.1 Жеткізу жинағына мыналар кіруі керек:

- П, ПС, С немесе Ш түрдегі құрылғылар;
- ГОСТ 2.601 талаптарына сәйкесетін құрылғыларды қолдану бойынша нұсқаулық.

4.4.2 Тұтынушының талап етуі бойынша оларды от алдыру бауын құрылғыларды іске қосу көзі ретінде пайдаланғаны жағдайда, жеткізу жинағына қосқыштар кіруі керек.

4.4.3 Кәсіпорын дайындаушының тұтынушымен келісукі бойынша жеткізу жинағына капсюль-от алдырғыштардан 13 мәнді және 2D кодтарын оқуды қамтамасыз ететін арнайы жабдық қоса алады.

4.5 Таңбалау

4.5.1 Әр капсюль-от алдырғыштың гильзасында капсюль-от алдырғышты сәйкестендіру және есепке алу үшін қажетті олар туралы мынадай ақпараттан тұратын 13 мәнді және 2D кодтар салынуы керек:

- кәсіпорын-дайындаушының шартты белгісі;
- дайындалған жылы, айы, күні;
- реттік нөмірі.

4.5.2 Әр жәшікте КО ТР 028/2012 және ГОСТ 14839.20 талаптарына сәйкесетін, бүйір қабырғасына баспа қаріптерімен салынған және мынадай ақпараттан тұратын таңбалау болуы керек:

- кәсіпорын – дайындаушы мен кәсіпорын-дайындаушы тұтынушылардан шағымдарды қабылдауға уәкілеттік берілген ұйымның атауы мен орналасқан орны;
- кәсіпорын-дайындаушының тауарлық белгісі;
- құрылғының шартты белгісі;
- толқын жеткізуші ұзындығы, м;
- баяулаудың атаулы уақыты, мс;
- дайындалған айы мен жылы;
- кепілді сақтау уақытының біту күні;
- жәшікте құрылғылар саны, дана;
- жалпы салмағы, кг;
- топтама нөмірі;
- топтамада жәшік нөмірі;
- ораушының тегі және оған берілген нөмірі;
- белгіде класын 1, 1.1-қосалқы класын, В сыйысымдылық тобын көрсетумен ГОСТ 19433.3 бойынша қауіптілік класы;
- [1] бойынша БҰҰ нөмірі – 0360;
- КО ТР 028/2012, 1-қосымшасына сәйкес кемі 15 мм енімен ақ немесе қызыл түсті айрықшалау таспасы;
- ГОСТ 14192 бойынша «Морт сынғыш. Байқа», «Жоғарғы жағы», «Ылғалдан сақта», «Күн сәулесінен сақта» сияқты айла-шарғылық белгілер;
- осы стандарт белгісі.

Бұдан басқа әр жәшікке құрылғылардың капсюль-от алдырғыштар туралы ақпараттан тұратын 2D код салынуы керек.

4.5.3 Көліктік таңбалау ГОСТ 14192 бойынша.

4.5.4 Теміржол көлік құралымен тасымалдаған жағдайда қауіптілік белгісі № 143 апаттық карточка нөмірін, автомобиль көлігімен тасымалдаған жағдайда - № 1 апаттық карточка нөмірі салынуы керек.

4.5.5 Таңбалау салу орындары мен тәсілдері ГОСТ 14192 және ГОСТ 19433.3 бойынша. Құлақшаларды кез келген рецептуралы суға төзімді желіммен желімдеу рұқсат етіледі.

4.5.6 Толқын жеткізушіге құрылғының шартты белгісін, баяулау уақыты мен толқын жеткізгіш ұзындығын көрсетіп суға төзімді затбелгі жабыстырылуы керек.

4.6 Орау

4.6.1 20 данадан артық емес санда құрылғыны ГОСТ 10354 бойынша полиэтилен үлдірден дайындалған қап-салмаға орайды. Салма қап мойнын топтама құрап жабады. Тұтынушының талап етуі бойынша топтама вакуумдалуы керек. Егер осындай топтама тасымалдау мен кепілді сақтау мерзімі бойына құрылғылардың жұмыс қабілеттігіне әсер етпесе, құрылғыларды топтамаға біріктіру үшін резеңке сақиналарды қолдану рұқсат етіледі.

Топтаманы белгіленген тәртіпте келісіліп бекітілген кәсіпорын-дайындаушының құрастырымдық және технологиялық құжаттамасы бойынша дайындалған бүрмеленген картоннан жасалған жәшіктерге салады. Жәшік клапандарының түйісу орындары ГОСТ 20477 бойынша желімді қабатты 60 мм-100 мм –ге дейінгі енді полиэтилен таспамен желімделуі керек.

4.6.2 Әр жәшік ГОСТ 18677 бойынша пломбымен пломбылануы және кәсіпорын дайындаушының техникалық бақылау бөлімінің мөртабан (ТББ) таңбасына, сондай-ақ ораушының тегі немесе оған берілген нөмір болуы керек. ТББ мөртабанының белгісі мен ораушының тегі немесе нөмірін клапандардың түйісу орнында оларды таспамен желімдер алдында қою рұқсат етіледі.

4.6.3 Тұтынушылар тапсырыс берген жағдайда біріктіргіштер балама ыдыста жеткізіледі. Қосқыштарды полиэтилен қапшыққа орау және құрылғылармен бірге жинақтау рұқсат етіледі, бұл жерде жәшікке «Қосқыштар» белгісін жасау керек.

4.6.4 Тұтынушымен келісу бойынша тасымалдау мен сақтау кезінде құрылғылардың сақталуын қамтамасыз ететін ораулардың және орау материалдарының басқа түрлерін пайдалану рұқсат етіледі.

4.6.5 Құрылғыларды қолдану бойынша нұсқаулықтар тапсырыста айтылған санда, бірақ бір топтамада кемі 5 данадан № 1 жәшікке салады.

4.6.6 Нұсқаулықтар салынған жәшікке «Қолдану бойынша нұсқаулық» жазбасымен затбелгі желімделеді.

5 Қауіпсіздік талаптары

5.1 Құрылғыларды тасымалдау мен сақтау кезінде қауіптілік деңгейі бойынша ГОСТ 19433.1 қарай 1-класқа, 1.1-клас тобы, В сыйысымдылық тобына, 1.1 В жіктеу шифріне, БҰҰ – 0360 нөміріне жатқызылады.

5.2 Құрылғы өрт және жарылыс қауіпті. Апаттық жағдайда шұғыл шаралар коды – 24Э. Апаттық жағдайда қауіпсіздік шараларынан тұратын апаттық карточка нөмірі теміржол көлігімен тасымалдау ережелеріне сәйкес – 143. Апаттық жағдайда қауіпсіздік шараларынан тұратын апаттық карточка нөмірі автомобиль көлігімен тасымалдау ережелеріне сәйкес – 1

5.3 Капсюль-от алдырғыштарда ВВ болуы белгіленген тәртіпте бекітілген дайындаушының нормативтік-техникалық құжаттамасында белгіленеді.

5.4 Құрылғыларды бұзуға тиым салынады. Құрылғы толқын жеткізушілерін біріктіру рұқсат етіледі.

5.5 Баяулаумен капсюль-от алдырғыш гильзасында сызаттар және толқын жеткізуші қабығында жарылулары бар құрылғыларды қолдануға рұқсат етілмейді.

5.6 Құрылғыларды дайындаумен, сынаумен және қолданумен байланысты жұмыстар [1] талаптарына, сондай-ақ белгіленген тәртіпте уәкілетті органмен бекітілген ережелер мен нұсқаулықтарға сәйкес жүргізілуі керек. Жою тәртібі мен әдістері қолдану бойынша нұсқаулықта көрсетілуі керек.

5.7 Құрылғыларды тұтынушы қолдану мен сақтау кезінде қолдану бойынша нұсқаулықтармен және [4] жетекшілікке алу керек.

5.8 Құрылғыларды дайындау кезінде қолданылатын жабдық белгіленген тәртіпте уәкілетті органмен қолдануға рұқсат етілуі керек.

5.9 Құрылғыларды дайындау кезінде өрт қауіпсіздігін ұйымдастыру ГОСТ 12.1.004 және [5] сәйкес жүзеге асырылуы керек.

5.10 Кәсіпорында – өндірісті үймаратта, жұмыс орындарында, алаңдардағы қауіпті аймақтар ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 бойынша тиісті қауіпсіздік белгілерімен белгіленуі керек.

5.11 Құрылғыларды дайындау, сынау және сақтау кезінде қолданылатын металл жабдық, электр жеткізу құрастырымдары, құралдары мен жарақтары жерге тұйықталған болуы керек.

5.12 Қорғаныс құрылғылар ең жоғары рұқсат етілетін жүктемелерге сыналуы керек.

5.13 Құрылғылармен жұмыс кезінде [4] талаптарын жетекшілікке алу керек.

Құрылғылармен жұмысқа «Жарғыш немесе жарғыш шеберінің бірыңғай кітапшасына» ие, от алдырудың электр емес жүйелерімен жұмысқа оқудан өткен және осы жүйелерді қолдану бойынша нұсқаулықтармен танысқан тұлғалар қатыстырылады.

5.14 Жер бетінде, жерасты өнімдер забойларында (газдар мен тозаңдар бойынша қауіпті емес рудниктер мен шахталарда) жаппай жарылыстарды ұйымдастыру келесі толықтырулармен [4] талаптарына сәйкес жүргізілуі керек:

- қауіпті аймақ шегінен тыс адамдар мен жабдықтарды шығару беттік жарылғыш желілерді бастау көзімен – от алдыру бауымен, электр от алдырғышпен, капсюль-от алдырғышпен немесе П түрдегі құрылғымен қосар алдында оны құрастырғаннан кейін жүзеге асырылады;
- жерасты өндіруде Ш түрдегі құрылғы толқын жеткізгіштерін бастау көздерімен қосу (от алдыру бауымен немесе П түрдегі құрылғымен) желіні құрастырумен байланысы жоқ жабдықтар мен адамдарды қауіпсіз қашықтыққа шығарғаннан кейін ғана рұқсат етіледі.

5.15 Құрылғыларды жою үшін құрылғының толқын жеткізгіші капсюль-от алдырғыштан кесіледі және өртеу жолымен жойылады. Баяулатумен капсюль-от алдырғыш от алдырғыштарға қатысты бөлікте [4] талаптарын сақтаумен жарумен жойылады.

6 Қабылдау ережелері

6.1 Құрылғыны топтамамен қабылдайды. Топтамаға бір түрдегі баяулау уақытының бір атауымен және бір тұтынушы үшін дайындалған толқын жеткізгіш ұзындығымен құрылғыны қосады. Баяулатудың түрлі уақыт аралықтарымен және толқын жеткізгіштердің түрлі ұзындықтарымен құрылғылардан жасалған топтаманы қалыптастыру рұқсат етіледі. Топтаманың ең жоғары көлемі 100 000 құрылғыдан аспауы керек.

6.2 Сынаулар үшін құрылғыларды оралған түрде жеткізеді.

6.3 Әр топтамаға белгіленген тәртіпте бекітілген нысан бойынша паспорт құрастырады.

6.4 Құрылғылардың осы стандарт талаптарына сәйкестігін тексеру үшін қабылдау-тапсыру, кезеңдік және типтік сынауларды, сондай-ақ кіру бақылау кезінде және сәйкестікті растау мақсатында сынаулар өткізеді.

6.5 Құрылғыларды қабылдау-тапсыру сынаулары

6.5.1 Құрылғыларды дайындаушы кәсіпорынның ТББ қабылдауға ұсынады.

6.5.2 Қабылдау-тапсыру сынақтарына құрылғылардың әр топтамасы түсірілуі керек.

6.5.3 Құрылғыларға қабылдау-тапсыру сынақтарын 2-кестеде көрсетілген көлем мен жүйеде өткізеді.

2-кесте

Сынау атауы	Тармақ нөмірі		Іріктеу көлемі
	Техникалық талаптар	Сынау әдістері	
1. Ораудың сыртқы түрін, таңбалаудың, пломбылау дұрыстығын, салма-қапшықтарда құрылғылар санын, сондай-ақ ылғалға төзімді затбелгілердің болуын тексерудің, қолдану бойынша нұсқаулық пен олардың санын тексеру	4.5.1 – 4.5.5, 4.6.1, 4.6.2, 4.6.5, 4.6.6	7.1	топтамадан 10 % жәшік, бірақ кемі 2
2. Құрылғының сыртқы түрі мен өлшемдерін тексеру	4.2.1.1, 4.2.1.3, 4.2.1.4	7.2, 7.3	Салма-қапшықта олардың санын тексергеннен кейін түрлі жәшіктерден іріктелген 80 құрылғы
3. сілкуге орнықтылыққа құрылғыны тексеру	4.2.3.2	7.4	Сыртқы түрі мен өлшемін тексергеннен кейін 10 құрылғы
4. Суда немесе дизель отынында ұстағаннан кейін орнықтылыққа құрылғыны сынау	а) және б) 4.2.3.1	7.5	Сыртқы түрі мен өлшемдерін тексергеннен кейін 20 құрылғы
5. Стиатикалық керу жүктемесіне құрылғыларды орнықтылыққа сынау	в) және г) 4.2.3.1	7.6	Сыртқы түрі мен өлшемдерін тексергеннен кейін 10 құрылғы
6. Баяулау уақытын анықтауға құрылғыны сынау	4.2.2.1	7.7	Сыртқы түрі мен өлшемдерін тексергеннен кейін 10 құрылғы, сілкуге орнықтылыққа сынағаннан кейін 10 құрылғы және статикалық керу жүктемесіне орнықтылыққа сынағаннан кейін 10 құрылғы
7. Бастайтын импульске және бастау қасиетіне сезімталдыққа құрылғыларды сынау*	4.2.2.3, 4.2.2.5	7.8	Сыртқы түрі мен өлшемдерін тексергеннен кейін 20 құрылғы, суда немесе дизель отынында ұстағаннан кейін тұрақтылыққа құрылғыларды сынағаннан кейін 20 құрылғы және статикалық керу жүктемесіне орнықтылыққа сынағаннан кейін 10 құрылғы
8. 500 Дж**дейін энергиямен болат соққыш соққысына 30° бұрышы астында сырғуға тұрақтылыққа құрылғыны сынау	4.2.3.3	7.9	-

*мына түрдегі құрылғылар үшін:

- ПС және С – қапсыра қосқан жағдайда электр от алдырғыштан;
- П – қосқыш көмегімен біріктірген жағдайда ДШ-А, ДШ-В немесе ДШЭ-12 от алдыру бауынан,
- Ш – осы түрдегі құрылғыны іске қосу үшін қолданылатын барлық көздерден;
- Старт – ұшқын разрядты (іске қосу) тұрақты қолдануға жіберілген құрылғылардан.

** Іріктеме көлемі, сынаулар өткізу жүйесі мен қабылдау өлшемдері бойынша талаптар белгіленген тәртіпте бекітілген кәсіпорын-дайындаушының нормативтік-техникалық құжаттамасында белгіленуі керек.

6.5.4 Ораудың сыртқы түрін, таңбалаудың, пломбылау дұрыстығын, салма-қапшықтарда құрылғылар санын, сондай-ақ ылғалға төзімді затбелгілердің болуын тексерудің, қолдану бойынша нұсқаулық пен олардың санын тексерудің қанағатсызданарлық нәтижелері жағдайында топтама біртегіс бақылауға, кемшіліктерді түзетуге түсіріледі, содан кейін топтаманы қайтадан тапсырады. Топтаманы тегіс бақылауға бір реттен артық тапсыру керек, одан кейін бір қанағаттанарлықсыз нәтиже айқындалған жағдайда топтаманы жарамсыз деп таниды.

6.5.5 Құрылғылардың сыртқы түрі мен өлшемдерін рексерудің қанағатансызданарлық нәтижелері жағдайда топтаманы жарамсыз деп таниды, содан кейін қайтадан сынауға тапсырады. Қайта ұсыну кезінде ауытқулар рұқсат етілмейді.

6.5.6 Сілкуге орнықтылыққа тексеру кезінде бір құрастырымнан іске қосылу немесе құрастырымның бұзылуы жағдайда топтаманы жарамсыз деп таниды.

6.5.7 Істен шығу алған, сондай-ақ от алдыру импульсіне және су немесе дизель отынында ұстағаннан кейін орнықтылыққа сынауға түсірілген құрылғылардың бастау қасиетін елеуге сынау кезінде бір қорғасын тілімшесінен болсын толық емес тесілгені жағдайда топтама қайта өңделуге қайтарылады, содан кейін қайта ұсынылады. Қайта сынауларды құрылғылардың үш еселенген санына өткізеді және қайта ауытқу жағдайында топтаманы жарамсыз деп таниды.

6.5.8 Істен шығу алынған жағдайда, сондай-ақ от алдыру импульсіне және су немесе дизель отынында ұстағаннан кейін орнықтылыққа сынауға түсірілген құрылғылардың бастау қасиетін елеуге сынау кезінде бір қорғасын тілімшесінен болсын толық емес тесілгені жағдайда сынау үш еселенген құрылғылар санына өткізіледі. Қанағаттанарлықсыз нәтижені біреуінен алған жағдайда топтаманы жарамсыз деп таниды.

6.5.9 Статикалық керу жүктемесіне орнықтылыққа құрылғыны сынаған жағдайда баяулатумен капсюль-от алдырғышты толқын жеткізгіштің бір қосылысының бүтіндігі бұзылған жағдайда топтама толықтыруға қайтарылады, содан кейін қайтадан сынауға ұсынылады. Қайта сынауларды құрылғының үш еселенген санына өткізеді және қайта қабылдамаған жағдайда топтаманы жарамсыз деп таниды.

6.5.10 Істен шыққан, сондай-ақ σ баяулау уақытының орташа квадрат ауытқу мәнінің артуы немесе баяулау уақыты бойынша құрылғы сапасын сипаттайтын коэффициенттер z1 және z2 мәндерінің құрылғылардың баяулау уақытын анықтауға сынау кезінде 1-кестемен регламенттелген нормалардан 10 % артық шамаға кемігені жағдайда сынауларды құрылғылардың үш еселенген санына өткізеді. Қайталау сынақтарының біреуден болсын қанағатсызданарлық нәтижесін алған жағдайда барлық топтаманы жарамсыз деп таниды.

Баяулау уақытын анықтауға сынау нәтижелерін өңдеген жағдайда белгіленген тәртіпте бекітілген кәсіпорын дайындаушының техникалық құжаттамасымен белгіленген құрылғылардың баяулау уақытының атаулы мәндері үшін іске қосылу уақыттарының шегіне бейімделу рұқсат етіледі.

6.6 Құрылғыларды кезеңді сынаулар

6.6.1 Құрылғыларға кезеңді сынаулар жару жұмыстары саласында сараптамалар жүргізуге арналған өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында аттестаталған және аккредиттеу саласына сәйкес аккредиттелген сынақ зертханасына ие арнайы сараптамалық ұйымдарда өткізіледі. Кәсіпорын дайындаушының өндірістік жағдайларында сараптама ұйымдарының өкілдерімен сынақтар өткізуі рұқсат етіледі.

6.6.2 Кәсіпорын дайындаушыда кезеңді сынауларға әр оныншы топтаманы түсіреді.

6.6.3 Кезеңдік сынауларға арналған құрылғыларды қабылдау-тапсыру сынауларынан өткен саннан іріктеп алады.

6.6.4 Кәсіпорын дайындаушыда құрылғыларды кезеңді сынауларды 3-кестеде көрсетілген көлем мен жүйеде өткізеді.

6.6.5 Істен шығу, сондай-ақ бастай импульсін елеуге құрылғыны сынау кезінде және бастау қасиетіне қорғасы тілімшелердің біреуінің толық емес тесілгені жағдайда, сынаулар құрылғылардың үш еселенген санына өткізіледі. Қайта кезеңді сынаулар кезінде біреу болсын қанағатсызданарлық нәтиже алған жағдайда оларды бірден бес топтамада қанағаттанарлық нәтиже алғанға дейін қабылдау-тапсыру санаттарына өткізеді.

3-кесте

Құрылғы түрі	Сынау атауы	Топтама нөмірі		Іріктеу көлемі
		Техникалық талаптар	Сынау әдістері	
Ш	1. Бастау импульсіне (құрастыру элементі-бекіткіш көмегімен қосқан жағдайда П түрдегі құрылғыдан) және бастау қасиетіне қабылдауға құрылғыны сынау	4.2.2.3, 4.2.2.5	7.8	20 құрылғы
П және Ш	1. Бастау импульсіне (қосқыш көмегімен қосқан жағдайда от алдыру бауынан) және бастау қасиетіне қабылдауға құрылғыны сынау			15 құрылғы
ПС және С	1. Суда немесе дизель отынында ұстағаннан кейін тұрақтылыққа құрылғыны сынау	а) және б) 4.2.3.1	7.5	20 құрылғы
	2. Бастау импульсіне (қапсыра қосқан жағдайда от алдыру бауынан) және бастау қасиетіне қабылдауға құрылғыны сынау	4.2.2.3, 4.2.2.5	7.8	Су не дизель отынында ұстағаннан кейін орнықтылыққа құрылғыларды сынаудан кейін 10 құрылғы
Старт	1. Бастау импульсіне (қапсыра қосқан жағдайда от алдыру бауынан) және бастау қасиетіне қабылдауға құрылғыны сынау	4.2.2.3, 4.2.2.5	7.8	15 құрылғы

6.6.6 Осы стандарт талаптарына сәйкестікке арнайы сараптамалық ұйымдарда кезеңдік сынауларды 6.5, 6.6-т қарастырылған көлемде жыл сайын өткізеді. Сынаудан кем дегенде бір қанағаттанарлықсыз нәтиже алған жағдайда бірден кем дегенде үш топтамада қанағаттанарлық нәтиже алғанға дейін оларды қабылдау-тапсыру санаттарына өткізеді.

6.7 Кіру бақылауы кезінде сынаулар

6.7.1 Кіру бақылауы кезінде сынауларды қоймаларға құрылғылардың келіп түсуі жағдайда тұтынушы өткізеді.

6.7.2 Кіру бақылау кезінде сынауларға әр құрылғы топтамасы түсіріледі.

6.7.3 Құрылғыларға кіру бақылауы кезінде сынаулар 4-кестеде көрсетілген көлем мен жүйеде өткізіледі.

6.7.4 Жарумен далалық сынаулар кезінде істен шығулар рұқсат етілмейді.

6.7.5 Кіру бақылауы нәтижелері бойынша белгіленген тәртіпте бекітілген нысан бойынша акт ресімделеді. Құрылғылардың кіру бақылауының қанағаттанарлықсыз нәтижелері туралы кәсіпорын-дайындаушыға хабарланады.

4-кесте

Сынау атауы	Тармақ нөмірі		Іріктеме көлемі
	Техникалық талаптар	Сынау әдістері	
1. Ораудың сыртқы түрін, таңбалау, пломбылану дұрыстығы мен ТББ мөртабаны белгісінің болуын тексеру	4.5.1 – 4.5.5, 4.6.1, 4.6.2	7.1	100 % жәшік
2. Құрылғының сыртқы түрін тексеру	4.2.1.4	7.2	20 құрылғы
3. Жарумен құрылғыларға далалық сынаулар*	-	7.10	20 құрылғы
*Ораудың сыртқы түрін, таңбалау, пломбылану дұрыстығын, ТББ мөртабаны белгісінің болуын, құрылғының сыртқы түрін тексерудің қанағаттанарлықсыз нәтижелері жағдайында, сондай-ақ жару жұмыстарын жүргізу кезінде істен шығу туындауы мен толық емес от алу жағдайында жүргізіледі.			

6.8 Типтік сынаулар

6.8.1 Типтік сынауларды дайындау технологиясы мен құрастырымына өзгерістер енгізгеннен кейін, сондай-ақ құрылғыларды өндіру кезінде қолданылатын материалдар мен сатып алу бұйымдарын алмастыру кезінде өткізіледі.

6.8.2 Типтік сынауларға қабылдау-тапсыру сынақтарынан өткен құрылғыларды түсіреді.

6.8.3 Типтік сынауларды белгіленген тәртіпте бекітілген, тұтынушымен уәкілетті орган келіскен (қажет жағдайда) құрылғыны дайындаушы кәсіпорын құрған бағдарлама бойынша өткізеді; бұл жағдайда сынау көлемдерін құрылғының техникалық сипаттамаларына немесе оларды пайдалануға енгізілген өзгерістердің әсер ету деңгейіне қарай анықтайды.

6.8.4 Типтік сынауларды кәсіпорын дайындаушы немесе жару жұмыстарының қауіпсіздігі саласында аттестаталған арнайы сараптамалық ұйымдармен өткізіледі.

6.8.5 Сынаулар нәтижелері бойынша оларға қарай нақты түрдегі құрылғылар дайындалатын құрастырымдық және технологиялық құжаттамаға өзгерістер енгізудің орындылығы туралы шешім қабылдайды.

6.9 Сәйкестікті растау мақсатында сынаулар [1] талаптарына сәйкес өткізіледі.

6.10 Құрылғылардың осы стандарт талаптарына сәйкестігіне бағалауда тұтынушыда кіру бақылауы кезінде, сондай-ақ сараптамалық ұйымдарда кезеңді сынаулар кезінде келіспеушіліктер туындайтын жағдайда қайта сынауларды кәсіпорын дайындаушының өкілдері қатысуымен өткізеді.

7 Сынау әдістері

7.1 Ораудың сыртқы түрін, таңбалау, пломбылау дұрыстығын, ТББ мөртабаны белгісінің болуын және салма қапшықтарда құрылғылар санын, сондай-ақ ылғал төзімді затбелгілердің, қолдану бойынша нұсқаулықтың болуы мен олардың 4.5.2 – 4.5.6, 4.6.1, 4.6.2, 4.6.5 және 4.6.6-т бойынша санын тексеруді сыртқы қарап шығумен өткізеді.

7.2 Құрылғылардың сыртқы түрін 4.2.1.3-т бойынша тексеруді сыртқы қарап шығумен және бақылау үлгімен салғастырумен өткізеді.

7.3 Құрылғылар өлшемдерін 4.2.1.1-т бойынша тексеруді техникалық құжаттамамен талап етілетін дәлдікті қамтамасыз ететін әмбебап өлшеу аспабымен өткізеді.

7.4 Құрылғыларды 4.2.3.2-т бойынша сілкуге орнықтылыққа тексеру үшін оларды көлік ыдысына салады, сосын жәшікті шпагатпен байлайды және ыдыс түбіне салады, оны белгіленген тәртіпте бекітілген нормативтік-техникалық құжаттама бойынша дайындалған құралға орнатады. Ыдыста бос орынды пенопласт ұнтағымен немесе картон кесінділерімен тығыздап толтырады.

Құрылғыны 5 минут бойына минутына 60 соққы (құлату) жағдайында (150 ± 2) мм биіктіктен сілкуге түсіреді.

